Бұл жұмыста күлділігі жоғары Екібастұз көміріндегі ЖЭО жобаланады. Нақтырақ айтқанда, қолданыстағы қазандарда қолданатын екібастұз көмірінің күлділігінің мөлшерін азайтатын аз шығынды технологиялық шараларды енгізу. Жұмыста БКЗ-420-140 типті қазандардағы осы шаралардың іске асырылу процесі негізге алынды. Бұндай типті қазандар Қазақстанда Алматы қаласының ЖЭО-да орнатылған. Станция орналасатын аймақтың табиғи-климаттық жағдайы: аудан климаты өкпек-континенттік.

СНиП 2.01.01.-82 сәйкес, ауаның орта жылдық температурасы $8,0^{\circ}\text{C}$, жазғы уақытта $22,0^{\circ}\text{C}$, тұрғындар саны 1,5 млн адам. Жағатын отыны – Екібастұз көмірі, оталдыратын отыны – мазут.

Мен осы жұмысымда өмір тіршілігі қауіпсіздігі бойынша мынадай негізгі екі мәселені қарастырдым, олар:

1. ЖЭО-ғы шуды есептеу
2. Ауаның шаңын анықтау және қорғану құралдарын таңдау

2.1 Жылу электр орталығындағы шуды есептеу

«ЖЭО» – да қазандық цех ғимаратында БКЗ-420-140 типті қазандық агрегаты орналасқан. Қазандық агрегаты дағыралы, табиғи айналмалы, Т-тәрізді үйлестірілімді болып келеді. Өте шулы ғимараттардың бірі болып қазандық цехы болып табылады. Цехтағы шудың негізгі көзі технологиялық процесстің әсерінен пайда болады, оның көзі болып қайтып оралатын қозғалыс механизмі, теңсіздік, қозғалыс массасы, бөлшектердің соққысы, электромагниттік шулар, цехтың желдеткіш қондырғысы болып табылады. Шу еңбек шартын төмендетеді әрі адам ағзасына кері әсерін тигізеді. Шу адам ағзасына ұзақ уақыт әсер еткенде келесі келеңсіз құбылыстарға әкеледі: көздің жақсы көруіне, естуіне, қан қысымының көтерілуіне. Шу қатты әрі ұзақ уақыт әсер еткен кезінде жүрек соғуына және нерв жүйелерінің функционалды өзгерісінің себебі болуы мүмкін.

акустикалық есебі

Қазіргі кезде «ЖЭО» – да қазандық цехында БКЗ-420-140 типті екі бу қазаны орналасқан. Шу көзінен есептеу нүктесі қазандық қондырғыларына дейінгі арақашықтық: $r_1=11,25$ м; $r_2=20,5$ м. Қазандық цехының өлшемдері баған осі бойынша ені 21,6 м, ұзындығы 30,0 м, биіктігі 38,0 м. Шу көздері еденде орналасқан. Шу көздерінің ең үлкен мәні 1,4 м-ге тең. Шу көздері еденнен 1,5 м биіктікте орналасқан. $B/S_{\text{орп}}=1,0$.

Жұмыс нүктесінен шу көзіне дейінгі ең аз арақашықтық $r_1=11,25$ м. Есепке алынған барлық шу көздерінен $r_i < 2r_{\text{min}} = 2 \cdot 11,25 = 22,5$ м, олай болса жалпы есепке алынатын шу көздері саны $m=2$.

$r_1=11,25$ м; $r_2=20,5$ м арақашықтықта орналасқан шу көздері есепке алынады.

Алынған нүктедегі дыбыс қысымының октавалық деңгейін келесі формуламен есептейміз:

$$L = 10 \lg \left(\sum_{i=1}^m \frac{\Delta i \cdot \chi_i \cdot \Phi_i}{S_i} + \frac{4\varphi}{B} \sum_{i=1}^n \Delta i \right), \text{ дБ}$$

$$\Delta i = 10^{0,1 \cdot L_{pi}}$$

Мұндағы L_{pi} -I шу көздері құрайтын дыбыс қуатының октавты деңгейі, дБ;

m - жұмыс нүктесіне жақын орналасқан және шарт бойынша есепке алынатын шу көздерінің саны;

n – шу көзінің толық саны;

B – тұрақты ғимарат ауданы, м^2 , келесі формуламен

анықталады:

$$B = B_{1000} \mu;$$

S – бөлме ауданы м^2 ;

χ – акустика өрісіне жақын әсер ететін коэффициент,

$r_{i \text{ min}} / l_{\text{max}}$ қатынасына байланысты аламы;

l_{max} – шу көздерінің ең үлкен мәні $l_{\text{max}}=1,4$ м;

$r_{i \text{ min}} / l_{\text{max}} = 11,25 / 1,4 = 8,03 > 1,7$, сондықтан $\chi = 1$;

Φ – шу көздерінің бағыты, 1-ге тең деп аламыз.

Барлық көздер үшін келесі шарт орындалады:

$$2 \cdot l_{\text{max}} < r, \quad 2 \cdot 1,4 \text{ м} = 2,8 < r$$

Шу көзінің еденде орналасуының ескере отырып келесі формуламен ауданды табамыз:

$$S_i = 2 \pi r_i^2$$

$$S_1 = 2 \cdot \pi \cdot r_1^2 = 2 \cdot \pi \cdot 11,25^2 = 794,81 \text{ м}^2$$

$$S_2 = 2 \cdot \pi \cdot r_2^2 = 2 \cdot \pi \cdot 20,5^2 = 2639,17 \text{ м}^2$$

Мұндағы ψ – дыбыс өрісінің диффузиялық бұзылуын анықтайтын коэффициент, ал жоқ болған кезде сызбадан алынады (СНиП II-12-77).

$B/S_{\text{озр}} = 1,0$, сызба бойынша $\psi = 0.52$;

B – аумақ тұрақтысы.

B және μ мәндерін анықтаймыз ол үшін алдымен кесте арқылы B_{1000} мәнін табамыз:

$$B_{1000} = \frac{V}{20} = \frac{24624}{20} = 1231,2$$

Гимараттың жалпы көлемі: $F=L \cdot B \cdot H=30 \cdot 21,6 \cdot 38=24624 \text{ м}^3$;

$$B_i = B_{1000} \cdot \mu$$

4.1-кестеден көлемі $V = 24624 \text{ м}^3$ болатын аумақ үшін μ мәндерін алып, 2 – кестеге енгіземіз.

4.1 к е с т е - μ жиілік көбейткішінің мәні

Октавалық жолдардың орташагеометриялық жиілігі, Гц	63	125	250	500	1000	2000	4000	8000
μ	0.5	0.5	0.55	0.7	1.0	1.6	3	6

Шу көзі еденде орналасқандықтан $\Phi=1$. Табылған мәндерді ескере отырып, есептеу жүргіземіз.

Қажетті шуды төмендетуді анықтаймыз:

$$\Delta L_{\text{қ.ш.т.}} = L_{\text{ш}} - L_{\text{шек}}, \text{ дБ}$$

4.2 к е с т е - Қазандық жұмысының нәтижесінде болатын дыбыс қысымының деңгейі.

Октава жиегінің орташагеометриялық жиілігі, Гц	63	125	250	500	1000	2000	4000	8000
$L_p, \text{дБ}$	71	61	54	49	45	42	40	38

Алынған мәндерді рұқсат етілетін мәндерімен салыстырамыз

4.3 к е с т е - Алынған мәліметтерді рұқсат етілген мәндерімен салыстыру

$L_{ш}, \text{дБ}$	50,24	40,24	32,91	27,1	22,003	17,738	14,41	11,42
$L_{шек}, \text{дБ}$	99	92	86	83	80	78	76	74

63 Гц жиілік үшін есептеу (4.4-кесте):

$$\Delta i = 10^{0,1 \cdot L_{pi}} = 10^{0,1 \cdot 71} = 12589254,1$$

$$\Delta i / S_1 = 12589254,1 / 794,81 = 15839,3252$$

$$\Delta i / S_2 = 12589254,1 / 2639,17 = 4770,1565$$

$$\Sigma = \Delta i / S_i = 15839,3252 + 4770,1565 = 20609,4817$$

$$B = B_{1000} \cdot \mu = 1231,2 \cdot 0,5 = 615,6$$

$$4 \cdot \Psi / B = 4 \cdot 0,52 / 615,6 = 0,0033788174$$

$$\Sigma = 2 \cdot \Delta i = 2 \cdot 12589254,1 = 25178508,2$$

$$(4 \cdot \Psi / B) \cdot (\Sigma = 2 \cdot \Delta i) = 0,0033788174 \cdot 25178508 = 85073,580$$

$$(4 \cdot \Psi / B) \cdot (\Sigma = 2 \cdot \Delta i) + (\Sigma = \Delta i / S_i) = 85073,580 + 20609,4817 = 105683,0617$$

$$L_{общ} = 10 \cdot \lg[(4 \cdot \Psi / B) \cdot (\Sigma = 2 \cdot \Delta i) + (\Sigma = \Delta i / S_i)] = 10 \cdot \lg(105683,0617) = 50,039$$

Байқап отырғанымыздай алынған мәліметтердің кейбірі шектік мәндерінен асып кетті, сондықтан олардың айырмасы қажетті бәсеңдетілетін дыбыс қысымына сәйкес келеді:

$$\Delta L_{\text{ж.ш.т.}} = L_{\text{ш}} - L_{\text{шек.}}$$

$$\Delta L_{\text{ш.т.}} = 50,24 - 99 = -48,75 \text{ дБ}$$

$$\Delta L_{\text{ш.т.}} = 22,003 - 80 = -57,99 \text{ дБ}$$

$$\Delta L_{\text{ш.т.}} = 40,24 - 92 = -51,75 \text{ дБ}$$

$$\Delta L_{\text{ш.т.}} = 17,738 - 78 = -60,26 \text{ дБ}$$

$$\Delta L_{\text{ш.т.}} = 32,91 - 86 = -53,08 \text{ дБ}$$

$$\Delta L_{\text{ш.т.}} = 14,41 - 76 = -61,58 \text{ дБ}$$

$$\Delta L_{\text{ш.т.}} = 27,1 - 83 = -55,89 \text{ дБ}$$

$$\Delta L_{\text{ш.т.}} = 11,42 - 74 = -62,57 \text{ дБ}$$

2.2 Ауаның шаңын анықтау және қорғану құралдарын таңдау

Шаң –қатты заттың майда бөлшектері, олар өндірісте қатты заттарды бөлу және сақтау кезінде, бұйымдарды дайындау, оларды өндеу және тасымалдау кезінде пайда болады.

Адам ағзасына шаңның зиянды әсер ету дәрежесі тыныс алу кезінде жұтқан ауа мөлшеріне байланысты. Шаңның дисперсиялық дәрежесі, олардың пішіндері және химиялық құрамына тәуелді. Адам ағзасына әсерінің сипаты бойынша шаң ұйтты (улы) және тітіркендіргіш болып бөлінеді.

Ұйтты шаң (сынап, мышьяк, қорғасын және т.б.) биологиялық орталарда таралып, ағзаға енгізілген у ретінде әсер етеді де улануға алып келеді. Ұйтсыз шаң газдарды адсорбациялауы мүмкін, соның әсерінен ол улы болып шығуы ықтимал.

Мысалы, көмір шаңы мен күлі көміртегі қышқылына адсорбациялануы мүмкін.

Тітіркендіргіш шаңдарға минералдық (кварцтық, зімпаралық, көмірлік және т.б.), металдық (темірлік шатынды, болатты, мырышты және т.б.), ағаштың, ұнның, шөптің, қағаздың және т.б. жатады.

Өкпеге ұзақ уақыт бойы енген шаң олардың созылмалы ауруға – пневмокониозға шалдықтыруы мүмкін, ол өкпенің тыныс алу беттерінің шектелуіне және адамның барлық ағзасында өзгерістер туындауына әкеліп соқтырады. Әсіресе өлшемдері 1 – ден 10 микронға дейінгі тозаңдар қауіпті. Себебі олар өкпеге терең ене алады. Біршама ірі тозаңдар жоғарғы тыныс алу жолдарының шырышты қабатында қалып қояды, ал біршама ұсағы шығып кетеді. Шаңның тікелей әсері тітіркендіргіш болуы мүмкін, асқазан және шырышты қабаттағы, көздегі (конъюнктивит) басқалай өзгерістерге, бронхиалды астамаға себепкер болуы мүмкін.

Пішіні бойынша жиектері үшкір ұшталған және инелі тозаңдар өте қауіпті (асбест, шыны, металдар). Шаңда электрлік заряд болуы мүмкін, ол оның өкпеде шөгілуін жеңілдетіп, ағзада қалатын шаңның мөлшерін жоғарылатады.

Шаңнан болатын аурулардың алдын–алу үшін зиянды заттардың концентрациясын нормалаудың мағынасы өте зор, ол ГОСТ 12.1.005 – 88 бойынша жүзеге асырылады. Жұмыс аумағындағы ауаның жалпы санитарлы–гигиеналық талаптарымен шекті жіберілетін концентрация (ШЖК) бекітіледі. ШЖК ретінде күнделікті (демалыс күндерінен басқа) жұмыс, аптасына 8 сағат аралығында немесе басқаша ұзақтылық кезінде, аптасына 41 сағаттан көп емес аралықтағы барлық жұмыс, уақытында ауруға шалдықпайтын немесе денсаулықтың нашарлауына әкелмейтін концентрацияны қарастырады.

Жұмыс аумағындағы ауаның ШЖК көбеюі шаң әсірінен қорғайтын іс – шараларды жүзеге асыруды қажет етеді. Оған жататындар:

- өндірістік үрдістерді механикаландыру және автоматтандыру, қашықтықтан басқару;
- қондырғылар мен технологиялық үрдістерді герметизациялау;
- өндірістік желдету қондырғысы;
- ғимараттарды тиянақты жүйелі тазарту;
- жекелеген қорғаныс құралдарын қолдану;
- шаңды басу.

Тыныс алудан жұтқан шаңның мөлшері ғимараттағы шаң дәрежесіне байланысты, сондықтан жұмыскерлер мен қызметкерлердің денсаулығын сақтау үшін өндірістік ғимарат ауасындағы шаңның шекті жіберілген концентрациясы нормаларының талаптарын орындау міндетті болып табылады.

Өндірістегі ауа ортасының тозаңдануын анықтау таразылық, есептік, радиоизотопты немесе фотоэлектрлік әдістермен жүзеге асырылады. Таразылау тәсілі жүзеге асыруы қарапайым, жасалатын өлшемдердің тура және жылдам алынатындықтан кеңінен таралған. Тәсіл сүзгінің салмағын 2 – 4 минут аралығында шаңды ауаның белгілі бір көлемін өткізгенге дейін және кейін өлшеуге негізделген. Тәсілдің кемшілігі шаңның сапалық сипаттамаларын анықтауға болмайды, яғни оның физико – химиялық қасиеттері анықталмайды.

Есептік тәсіл арнайы кониметр аспаптарының көмегімен ауаның бірлік көлеміндегі шаңды анықтауға негізделген. Шаңды ауа насоспен дымқылданған құбыр арқылы қабылдау камерасына сорылады. Мұнда ол кеңейеді, қысымы түседі, температурасы төмендейді, су булары тозаңда конденсацияланады және олармен бірге заттық шыныға түседі. Шыныдағы су буланғаннан кейін тозаңдар жабысып қалады, оларды микроскоппен масштабты торды қолданып есептеуге болады. Бұл жағдайда шаңның сандық

сипаттамасымен қатар сапалық құрамын да анықтауға болады. Тәсілдің кемшілігіне үрдістің ұзақтығы жатады.

Шаң бөлшектері короналық және шөгу электродтарының арасындағы аймаққа түсіп, өзінің бетінде иондарды адсорбтайды да, электрлік зарядқа ие болады және электр өрісі мен заряд арасындағы өзара әсерлеу күшінің әсерінен бөлшектер шөгу электродына қарай қозғалады да, сонда шөгеді. Содан кейін соққы механизмінің көмегімен электродтар мен бөлшектерді түсіреді, олардан ауырлық күшінің әсерінен бөлінгендері бункерге барады. Шаң тұтудың тиімділігі электр сүзгілердің түрлі типінде 95–99,9 % пайызды құрайды.

2.2 – кесте Шекті жіберілген концентрация

Шаң атауы	ШЖК, мг/м ³	қауіптілік классы
6 Металдық сынап, мырыш және оның органикалық емес қосылыстары	0,01	
1 Кремнийдің қосқышқылы оның шаңдағы құрамы 70% аспағанда	1	3
2 Тағы сол, 10...70% (гранит, слюда) сонымен қатар силикат, асбест 10% аспайтын мөлшері бар шаң	2	4
3 Кремнийдің қосқышқылы 2...10% немесе шыны және минералды талшықтың тозаңы (мыс. Сульфиді кендер, көмірсутекті және көмір тозаңы, саз және т.б.)	4	4
7 Цемент, асбестті цемент, апатит, балшық, кокс	6	4
8 Өсімдік және жануарлық шығулық тегі кремнийдің қосқышқылдық қоспасы 10% аспайтын (мақталы, зығырлы, қылшықты, мамықты).	2	4
9 Тура сол, кремнийдің қосқышқылы 2...10% болатын қоспасы бар, дәнді	4	4
10 Тура сол, кремнийдің қосқышқылы 2% аспайтын қоспасы бар (ұнды, қағазды, ағашты және т.б.)	6	4
11 Темекі, чай	3	
12 Кремнийдің қосқышқылы 2% аз құрамы бар тас 83айди және уытты заттардың қоспасы жоқ өзгеде шаңдар.	10	4

Шаңды және фотоэлектрлік үрдістерді сәулелендіру негізінде ПРИЗ – ЖТШ(жылжымалы радиоизотопты шаң өлшегіш) және

ИКП – ШК (шаңның концентрациясын өлшегіш) аспаптары жұмыс істейді.

Жұмыс аймақтарының ауасындағы шаңның болуына дұрыс жобаланған желдетумен қатар шаңтұтқыш қондырғылар да әсер етеді, олар атмосфераға шаңның шығуының алдын алып, сонымен ағынды желдету жүйесімен жұмыс орындарына берілетін ауа тазалығын қамтамасыз етеді.

Шаңтұтқыштар ретінде гравитациялық (шаң шөккіш камералар), инерциялық (жалюзилі, радиалды, циклонды), ортадан тепкіш әсерлі (ротациялық, ортадантепкіш, құйынды), дымқыл тазалау құрылғылары (скрубберлер, барботажды – көбікті құрылғылар және т.б.), кеуекті сүзгілер (СК), электрсүзгілер қолданылады.

Жетілдірілген шаңтұтқыштардың бірі электрсүзгілер болып табылады. Оның жұмысының принципі – коронациялықта заряд аймағындағы газға соққылық ионизация, иондардың зарядын қоспаның бөлшектеріне беру және соңғысын шөгу және короналық электродтарда шөгіндіру.

Электрсүзгілеріндегі шаңды газ шөгу электродтарында түзілген арналармен қозғалады, олардың арасында белгілі бір қашықтық арқылы короналық электродтар орналасқан. Электродтарға жоғары кернеулі (40 – 110кВ) тұрақты ток беріледі. Электрсүзгіге түсетін шаңды газдар үнемі сыртқы әсерлер есебінен (рентген сәулелері; қызулары, ғарыштық сәулелер және т.б.) аздап ионданған болады, сол себептен олар екі электродтар арасындағы кеңістікке түсіп, токты өткізе алады. Қандай да біршама жоғары кернеуде қозғалатын иондар мен электрондардың электр өрісімен үдеуінің артуы көп болатыны соншалық, олар өз кезегінде газдың жаңа молекулаларының иондануын тудырады. Бұл үрдіс газдың соққылық иондануы деп аталады.

Шаң бөлшектері короналық және шөгу электродтарының арасындағы аймаққа түсіп, өзінің бетінде иондарды адсорбтайды да, электрлік зарядқа ие болады және электр өрісі мен заряд арасындағы өзара әсерлеу күшінің әсерінен бөлшектер шөгу электродына қарай қозғалады да, сонда шөгеді. Содан кейін соққы механизмінің көмегімен электродтар мен бөлшектерді түсіреді, олардан ауырлық күшінің әсерінен бөлінгендері бункерге барады. Шаң тұтудың тиімділігі электр сүзгілердің түрлі типінде 95–99,9 % 84айди құрайды.

2.2.1 Ауадағы шаңды таразылық әдіспен анықтау.

Аудағы шаңды таразылық немесе гравитациялық ідісте ғимараттың көлем бірлігінде ($\text{мг}/\text{м}^3$) шаңның концентрациясы анықталады. ОТ – 1 типіндегі оқу қондырғысы камерадан жіне оған сол жақтан жалғанған аспапты бөлімнен тұрады. Камера ауасында шаңы бар ғимарат секілді сыйымдылық қызмет етеді. Оның алдыңғы қабырғасы ашылатын есік түрінде жасалған. Алдыңғы қабырға терезесінің сол жағына қарай шаңы бар бункер – мөлшерөлшегіш орнатылған. Мөлшерөлшегішті камераға қарай бір рет бұрағанда шаңның үлесі енгізіледі, оның мөлшері бункердің гайкасын бұрып реттеледі. Камерада шаң желдеткішпен желдетіледі. Камераның оң жақ қабырғасында шам орнатылған, ол камераның алдыңғы қабырғасындағы

көрінетін терезе бойымен жарық сәулесін шығарады, сол арқылы камерадағы шаңды бақылауға болады. Терезенің оң жағына қарай камера есігінде ауаның сынамасын алуға арналған ойық бар. Жұмыс істемегенде ойық металл тығынмен жабылады.

Ауа сынамасын алу үшін пластмассалық патрон қолданылады.

Патронға құбыр жалғанған. Жұмыс істемегенде патронды аспапты бөліктің жоғары бөлігіндегі жерге салынады.

Аллонж –сүзгіұстағыш – пластмассалық цилиндр, аэродисперсиялық қоспалардың (шаң, түтін және тұман) - 60 С – ге дейінгі температурадағы салмақты концентрациясын анықтау үшін оған АФА – В – 10 типіндегі (аэрозольді сүзгі аналитикалық) дөңгелек сүзгі орнатылады. Аналитикалық сүзгі АФА – В – 10 алдын–ала қағаз сақиналы ойыққа салынатын, қағаз және арнайы жіптердің жиынтығы түрінде жасалған.

2.2.2 Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдарын таңдау

Тыныс алу жолдары арқылы адам ағзасына енетін шаң мен зиянды заттардан тыныс алу мүшелерін қорғау үшін шаңға қарсы, газға қарсы және оқшаулағыш противогаздарды, сонымен қатар оттекті оқшаулағыш құралдарды қолдану ұсынылады. Шаңға қарсы респираторлар ауада аэрозоль (тозаң, түтін, тұман) түрінде болатын зиянды заттардан тыныс алу мүшелерін қорғауды қамтамасыз етеді, олар зиянды булар мен газдардан қорғамайды заттардан тыныс алу олар аэрозольдерден қорғамайды, Оларды А,В,Г және КД маркалы патрондармен шығарады. Әмбебап РУ – 60 м респираторлары ауада аэрозоль, булар және газдар түріндегі кездесетін зиянды заттардан тыныс алу мүшелерін қорғауды қамтамасыз етеді, олар РГП – 67 секілді партондармен шығарылады.

Респираторды қолдануға болатын бу және газ тәрізді зиянды заттардың концентрациясы шекті жіберілетін нормасы 15–тен аспауы тиіс. Ауадағы бу және газ тәрізді уытты заттардың құрамы өте жоғары болғанда, сонымен қатар аса уытты зиянды заттардан тыныс алу мүшелерін қорғау үшін өнеркәсіптің противогаздарды қолдану қажет. Оларды үш типтегі газға қарсы қораптармен жабдықтайды: аэрозольді сүзгіші жоқ, индексі 8 болатын аэрозольды сүзгіші жоқ (ауада бу – жғне газ тәріздес жағдайда болатын уытты заттардан тыныс алу мүшелерін қорғауды қамтамасыз етеді) және аэрозольді сүзгіші бар (тыныс алу мүшелерін аэрозольдерден де қорғауды қамтамасыз етеді).

Әрбір қорғаныс құралы жұмысшы бетінің пішініне келтірілген оң оның жеке қолданысында болады. Противогаздар респираторлардың беттік бөлігінің өлшемдерін іріктеу бөлігінде көрсетілген (ішкі немесе сыртқы) және беттің өлшемдеріне сәйкес келуі оған жанасудың дұрыс болуын қамтамасыз ететіндей және ұзақ қолданған кезде ауыртпайтындай болуы тиіс. У – 2К, Ф - : »» Ш, РПГ – 67, РУ – 60 М респираторларының үш пішіндік өлшемдері болса, «Лепесток» типіндегі респираторлар - өлшемсіз. У – 2К респираторы мен «Астра - 2» респираторларының жартылай

маскаларының өлшемдерін кеңсіріктен иектің төменгі бөлігіне дейінгі аралық (мм) бойынша болжамдап таңдайды, ол аралық сызғыш немесе штангенциркулмен анықталады.

Ф-62Ш, РУ-60М және РГП-67 респираторларын да осы секілді таңдайды. Жартылаймасканы киеді, алақанмен клапан шығатын тесікті мықтап жабады да аздап дем алады. Егер осы кезде респиратордың бетпен жанасатын жерінен ауа шықпайтын және масканы аздап үрлесе, онда респиратор герметикалы.

Өнеркәсіптік противогаздардың беткі жағының 5 өлшемдері болады: 0,1,2,3,4. Противогаздың шлем – маскасын таңдау үшін иек, жақ және орай арқылы өтетін дөңгелек сызықтың ұзындығын, сонымен қатар бір құлақтың тесігінен екіншісіне қосасты доғалары арқылы өтетін тесігіне дейінгі жарты шеңбердің ұзындығын өлшеу қажет. Противогаздың дұрыстығы мен жиналуы, шлем – масканы таңдау туралығын анықтау үшін шлем – масканы киіп, газға қарсы қораптың кіретін ойығын алақанмен жауып , 3 ...4 рет терең тыныс алу қажет. Егер осы кезде дем алу мүмкін емес болатын болса, онда противогаз толығымен герметикалы.

Шлангалы типтегі оқшаулағыш противогаздар беткі жаққа жұмыс орнынан қашықтықта орналасқанда таза аймақтан ауа беру үшін қолданылады. Оларды ауада өттегі 18 % дан аз болса, немесе ауадағы зиянды қоспалардың концентрациясы өте жоғары және сүзгіш аспаптармен қорғау сенімсіз болса немесе ауаны ластайтын қоспалардың құрамы белгісіз болса қолданылады. ПШ – 1 шлангалы противогаз таза аймақтан адамның өз күшінің есебінен алады, оның шлангасының ұзындығы 10 м. ПШ – 2 шлангалы противогазға таза ауа ұзындығы 20 м. шланг арқылы электрлік ауа үрлегіштің көмегімен беріледі.

Жасап отырған жұмысым бойынша өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімін қорытындылай келе, мен осы дипломдық жұмысымда Алматы қаласында орналасқан күлділігі жоғары Екібастұз көмірімен жұмыс істейтін ЖЭО-дан пайда болатын шу мен шаңды толыққанды қарастырдым, есептеулер жүргіздім. Айта келгенде,шудан қорғанатын шлемдер, каскалар, шуға қарсы костюмдер, наушниктер т.б. заттар адамға өте қолайлы. Осылайша жұмыс персоналдары денсаулыққа зиян заттардан, әсерлерден қорғана алады және жұмыс кезінде Екібастұз көмірінен болатын шаңнан да қорғану өте маңызды. Шаңнан пайда болатын аурулар, адамның жұмыс істеу қабілетін төмендететін әсерлер көп жағдайда қорғану құралдарын дұрыс таңдамағандықтан, дұрыс шаралар қолданылмағандықтан.

III. ЭКОНОМИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Қарағанды қаласында ЖЭО – да күлділігі жоғары Екібастұз көмірін қолданудың мақсаты, қолданыстағы қазандарда қолданатын екібастұз көмірінің күлділігінің мөлшерін азайтатын аз шығынды технологиялық шараларды енгізу. ЖЭО-ның негізгі бөліміндегі мәліметтерге сүйене отырып, экономикалық есептеуді жүргіземіз. Сондықтан NPV ЖЭО-на қажет уақытты қанағаттандырып және оның құны өсетіндей тиімді жоба қабылдауымыз керек. Сонымен қатар осы инвестицияның өтелу мерзімін анықтауымыз керек.

Есептеу үшін бастапқы берілгендер ретінде электр және жылу энергияларының жылдық өндіру көлемдері және 1 кВт·сағ электр энергиясы мен 1 Гкал жылу энергиясын өндіруге жұмсалатын шартты отынның меншікті шығысы, отын түрі, оның жылу шығару қабілеті (ккал/кг көмір үшін және ккал/м³ газ үшін), отынның бағасы (теңге/т.о.т. көмір үшін және теңге/м³ газ үшін), қатты отынның шығарылу көзінен стансаға дейінгі тасымалданатын ара қашықтығы беріледі.

1Кесте - Есептеуге қажетті бастапқы мәліметтер

Э _{өнд} , млн.кВт·сағ	Q _{өнд} , мың Гкал	Отын	Q _б , кДж/кг	Б _{отын} , теңге /тнт	T _м , сағ
1500	3240	көмір	38940 (9293ккал/кг)	4100	6000

Бір кВт·сағ өндіруге жұмсалатын отынның меншікті шығысын 230-250 ш.о.г/кВт·сағ көлемінде деп қабылдайды; ал бір Гкал жылу энергиясына жұмсалған отынның меншікті шығысы - 200-210 ш.о.кг/Гкал.

Қатты отынның тасымалдану құнының шамасы 1,4-1,6 теңге/т-км. Есептеулерде газдың тығыздығын 0,83 кг/м³ деп қабылдайды.

Пәндік жұмысты орындағанда:

– ЖЭО салуға және жылустансасын пайдаланғандағы жұмсалатын қосындышығындарды есептеу;

– электр және жылу энергиясын өндірудің өзіндік құнын есептеу;

– NPV, IRR, PP көрсеткіштерін есептеу және ЖЭО-ын пайдалануға

лайық екендігі жөнінде қорытынды жасау керек.

3.1 ЖЭО-ның жылдық энергия жіберуін анықтау

Электр стансасының жұмысы кезінде өндірілетін энергияның бір бөлігі стансаның өзіндік мұқтажына жұмсалады. Электр энергиясының бұл шығысы қондырғының типіне және оның бірлік қуатына, қолданатын отын түріне, негізгі және көмекші қондырғылардың техникалық жетілу дәрежелеріне және стансада техника мен қаржы саясатын дұрыс жүргізуге байланысты болады. Стансаның өзіндік мұқтажына жұмсалатын электр энергиясының шығысы -6 дан 16%-ға дейін.

Есептерде өзіндік мұқтаждыққа жұмсалатын электр энергиясының шығынын - 7- 9% ($\mathcal{E}_{\text{ө.м.}}$), ал жылу энергиясына - 0,5- 1% ($Q_{\text{ө.м}}$) деп қабылдау керек.

Электр және жылу энергияларының жылдық жіберулері келесі кейіптемелермен анықталады

$$\mathcal{E}_{\text{жіб}} = \mathcal{E}_{\text{өнд}} \cdot (1 - \mathcal{E}_{\text{ө.м.}}) = 1500 \cdot (1 - 0,08) = 1380 \text{ млн.кВтсағ},$$

$$Q_{\text{жіб}} = Q_{\text{өнд}} \cdot (1 - Q_{\text{ө.м.}}) = 3240 \cdot (1 - 0,007) = 321,732 \text{ мыңГкал},$$

мұндағы $\mathcal{E}_{\text{өнд}}$ және $Q_{\text{өнд}}$ – электр және жылу энергиясының жылдық өндірілуі (1-кестені қараңыз).

Мұнда жіберілетін энергиядан өндірілетін электр және жылу энергиясына жұмсалатын меншікті отын шығындары

$$b_{\text{э}} = 230 \text{ ш.о.г/кВтсағ},$$

$$b_{\text{жс}} = 200 \text{ ш.о.кг/Гкал}.$$

3.2 Отынға жұмсалатын шығынды анықтау

Электр және жылу энергияларын өндіруге жұмсалатын жылдық отын шығыны

$$V_{\text{э}} = \mathcal{E}_{\text{о}} * b_{\text{э}} = 1500 \cdot 230 = 345000 \text{ ш.о.т},$$

$$V_{\text{ж}} = Q_{\text{о}} * b_{\text{жс}} = 3240 \cdot 200 = 648000 \text{ ш.о.т}.$$

ЖЭО-ның жалпы отын шығыны

$$V_{\text{ш}} = V_{\text{э}} + V_{\text{ж}} = 345000 + 648000 = 993000 \text{ ш.о.т}.$$

Отынға және оның тасымалына жұмсалатын шығындар табиғи отын бойынша анықталса, онда отынның шығысы бойынша анықталған шамаларды табиғи отынға айналдыру керек.

Табиғи отынның шығысы келесі түрде болады

$$B_T = B_{\text{ш}} / K_a = 993000 / 0,55 = 1805454,55 \text{ т.о.т.}$$

K_a - шартты отынды табиғи отынға аудару еселеуіші шартты және табиғи отынның жылу шығару қабілетінің қатынасынан шығады (барлық берілгендер 1-кестеде көрсетілген).

ЖЭО – ның негізгі отыны көмір болғандықтан газ шығысын анықтаймыз.

$$Ц_{\text{тр}} = R \cdot 1,5 = 600 \cdot 1,5 = 900 \text{ теңге/тнт.}$$

Отынға жұмсалатын шығын құраушысы төмендегі кейіптемемен табылады

$$Ш_{\text{отын}} = B_T \cdot B_{\text{отын}} = 1805454,55 \cdot (4100 + 900) = 9027,272 \text{ млн теңге.}$$

3.3 Отынды қолданудың ПӘЕ-ін есептеу

ПӘЕ-і бірге тең құрылғыда 1 кВт·сағ электр энергиясын алуға 123 ш.о.г, ал 1 Гкал жылу энергиясына - 143 ш.о.кг қажет екені белгілі. Өзіндік мұқтаждыққа жұмсалатын электр және жылу энергиясының шығындарын ескергендегі отынды пайдалы пайдалану еселеуіші

$$\text{ПӘЕ}_э = 123 / b_э * 100\% = 123 / 230 * 100\% = 53,4\%,$$

$$\text{ПӘЕ}_ж = 143 / b_{ж} * 100\% = 143 / 200 * 100\% = 71,5\%.$$

Стансаның отынды пайдалану еселеуіші төмендегідей болады

$$\text{ПӘЕ} = \frac{0,86 \cdot \mathcal{E}_{жіб} + Q_{жіб}}{7 \cdot B} \cdot 100\% = \frac{0,86 \cdot 1380000000 + 3217320}{7 \cdot 1805454,55} \cdot 100 = 9,4\%$$

3.4 Суға жұмсалатын шығындарды есептеу

ЖЭО-да су шығыр шықтандырғыштарында буды салқындатуға, жылуменқамдау жүйелерін толықтыруға, генераторлар мен трансформаторлардың салқындатылуына, күлді тазалауға және т.б.

шығындалады. Стансалардың сумен қамдау жүйесіне (тікелей, айналмалы) сәйкесті су шығындарының шамалары да әртүрлі болады. Мысал ретінде Қазақстандағы стансалардың біріндегі суға кететін шығынның көлемі 1,4-1,6 теңге/ кВт·сағ аралығында екен. Күрделі есептер үшін сумен қамдаудағы шығындар келесідегідей табылады

$$\text{Ш}_c = \text{Э}_c (1,4 - 1,6) = 1500 \cdot 1,4 = 2100 \text{ млн. теңге.}$$

3.5 Еңбекақы шығындарын есептеу

Өндірісте және қызмет көрсететін ЖЭО-ының өнеркәсіптік-өндірістік персоналға (ӨӨП) жұмсалатын еңбекақыларды анықтау үшін оның санын білу қажет. ӨӨП-лар - пайдалану, жөндеу және әкімшілік-басқару деп жіктеледі. Олардың саны негізінен негізгі энергетикалық қондырғының қуаты мен санына, қолданатын отын түріне, жөндеу жүргізу тәсілдеріне тәуелді болады.

ӨӨП санын электр стансасында 1 МВт орнатылған электр қуатына қанша адам саны кететінін көрсететін штаттық еселеуіш арқылы анықтауға болады. Стансаның орнатылған электр қуатын осы қуатты пайдаланудың максималды сағат саны және электр энергиясын жылдық өндіру шамасы арқылы анықтауға болады, яғни

$$N_{\text{орн}} = \frac{\text{Э}_{\text{өнд}}}{T_{\text{м}}} = \frac{1500000}{6000} = 250 \text{ МВт}$$

Орнатылған қуатты пайдаланудың максималды сағат саны $T_{\text{м}}$ -ді есепте 6000 сағат деп аламыз. ЖЭО жылу энергиясын - жалпы тұрғын үй және қоғамдық құрылыс аймағын жылуландыру және ыстық сумен қамтамасыз етуге жібереді.

Қазақстанның кейбір стансаларындағы жұмысшылардың саны туралы әдеби және іс-жүзіндегі мәліметтер бойынша штаттық еселеуіштің орташа мәндерін алуға болады ($K_{\text{ш}}$): орнатылған қуаты 500 МВт-тан жоғары ЖЭО үшін - 1,3 - 1,5 адам/МВт, қуаты 500 МВт-тан аз болса - 1,6 - 1,8 адам / МВт.

Стансаның қызметкерлер саны төмендегідей анықталады

$$ҚС = K_{\text{ш}} * N_{\text{орн}} = 1,6 * 250 = 400 \text{ адам.}$$

Еңбекақының қосынды қорына кіретіндер:

– негізгі еңбекақы ($\text{Ш}_{\text{неа}}$), оған энергияны өндірудің технологиялық үрдісте айналысатын жұмысшылардың еңбекақысы кіреді, сонымен қатар жұмыс істелген уақытпен байланысты (тарифтік мөлшерлемелер және

міндетті айлық ақылар, еңбекақы қорынан алынатын жұмысшылардың сыйақылары, мерекелік күндер мен түнгі уақыттағы жұмыс үшін төленетін қосымша төлемдер және т.б.) ақылар да кіреді.

– қосымша еңбекақыға ($Ш_{кеа}$) жұмыс уақытына байланысты емес (кезекті, қосымша және оқуға байланысты демалыстарға және мемлекеттік міндеттерді орындауға байланысты төлемдер және т.б.) төлемдер кіреді.

– еңбекақыдан алынатын төлемдерге ($Ш_{еаа}$) әлеуметтік салықтар және зейнеткерлік қорға түсетін аударылымдар кіреді.

Еңбекақының қосынды қорын анықтайтын кейіптеме мынаған тең

$$Ш_{са} = Ш_{неа} + Ш_{кеа} + Ш_{еаа} = 320 + 48 + 79,1 = 447,12 \text{ млн. теңге.}$$

Орташа жылдық негізгі еңбекақының шамасы $Ш_{еаа}$ бір қызметкерге 800-1000 мың теңге деп қабылданады. $Ш_{кеа}$ шамасы $Ш_{неа}$ шамасының 10-15 % мөлшеріне тең деп алынады. Еңбекақыдан алынатын аударылымдар $Ш_{еаа}$ (әлеуметтік салық және зейнеткерлік қорға аударылымдар) $Ш_{неа}$ және $Ш_{кеа}$ қосындысының 21.5% мөлшеріне тең деп қабылданады.

3.6 Амортизациялық аударылымдарды есептеу

Амортизациялық аударылымдар жабдықтардың табиғи және моральдық тозуын қаржылай орнын толтыру екені белгілі және күрделі жөндеу жүргізу мен тозған жабдықтардың орнына жаңа жабдықтар алуға (реновация) жұмсалады. Амортизациялық аударылымдар стансаның қосынды капиталдық салымдар шамасынан (әдетте әдебиеттерде аталатын: негізгі өндірістік қорлар, мекемелердің негізгі активтері, негізгі капитал) пайызбен алынады. Әрбір жабдыққа жұмыс уақытына және өндірістік үрдістегі өндірістік қорлардың тағайындалуына байланысты амортизациялаудың өз нормалары белгіленген. Амортизацияның шектік нормалары ҚР Президентінің №2235 24.04.95 ж., заң күшіне ие Қаулысына байланысты белгіленеді, амортизация нормаларын одан жоғары қолдануға болмайды.

Негізгі өндірістік қорлар (капиталдық салымдар) бағасын анықтау үшін алдын ала есептеулер жүргізгенде ТМД елдері мен шет елдерде меншікті капитал салымдары көрсеткіші $K_{менш}$ кеңінен қолданылады. Оның мәні тіпті бір типті стансалар ішінде блоктарының қуатына, олардың санына, пайдаланылатын отынның түріне және экологиялық талаптарға байланысты кең ауқымда жатады. Есептеулерде $K_{менш}$ шамасы белгіленген қуаты 800 МВт, ЖЭО үшін - 1700 \$/кВт, 200 МВт - ЖЭО үшін - 2000 \$/кВт деп қабылданады. Осы қуаттары диапозонына жататын стансалар үшін $K_{менш}$ сәйкес үлесте қабылданады. АҚШ долларының бағасын есептеуде 182 теңге деп қабылдау керек

$$K = K_{менш} * N_{орн} = 1975 * 182 * 250 * 1000 = 89862,5 \text{ млн. теңге.}$$

Орташа есеппен блоктардың және стансаның жалпы қуатына, пайдаланылатын отын түріне байланысты амортизациялау нормасы 5 - 7 % аралығында болады. Жалпылама есептеулер жүргізу үшін амортизациялық аударылымдар нормаларын К шамасының 6% мөлшерінде қабылдау керек

$$\text{Ш}_a = 0,06 * K = 0,06 * 89862,5 = 5391,75 \text{ млн. теңге.}$$

3.7 Ағымдағы жөндеу шығындарын есептеу

Бұл шығын құраушысына өндірістік жабдықтарға ағымдағы жөндеу жүргізуге кететін шығындардан басқа техникалық қарап шығуға және жұмыс кезіндегі жабдықтарды жұмысқа қабілетті күйінде ұстап тұруға (сұрту және майлау материалдары) кететін шығындар жатады және мына шамада анықталады

$$\text{Ш}_ж = 0,15 * \text{Ш}_a = 0,15 * 5391,75 = 808,76 \text{ млн. теңге.}$$

3.8 Шығарындыларға төлемдерді есептеу

Зиянды заттарды шығаруға төленетін ақы мөлшері шығарындылар көлеміне байланысты. Олар өз кезегінде жағылатын отын түріне (көмір, газ, мазут), оның мөлшеріне және зиянды заттарды ұстау тәсіліне (электрлік фильтрлер, эмульгаторлар) байланысты болады. Біздің жағдайда бұл құраушыны жұмыс істеп тұрған стансалармен салыстыра отырып, ұқсастық әдіспен анықтаған жөн. Екібастұз көмірін жаққан кездегі шығарындыларға төлем мөлшері бір табиғи отын тоннасы үшін 150-180 теңге шегінде болатыны анықталған.

$$\text{Ш}_{\text{шығ}} = (150-180) * V_t = 160 * 1805454,55 = 288,87 \text{ млн. теңге.}$$

3.9 Жалпы стансалық және цехтық шығындарды есептеу

Бұл құраушы әкімшілік-басқармалық шығындарды (еңбекақы, кеңселік шығындар, іс сапарлық шығындар), жалпы өндірістік (ұстап тұру, амортизация, жалпы стансалық құралдарды ағымдағы жөндеу, сынақтар, зерттеулер, ұтымды пайдалану және еңбекті қорғау), мақсатты шығындарға аударылымдар (техникалық насихаттау, өзінен жоғарғы тұрған мекемелерді ұстап тұру), цехтарға қызмет көрсету және оларды басқару (цехты басқару еңбекақысы, амортизация және ғимараттарды ұстап тұру мен ағымдағы жөндеу шығындары, еңбекті қорғауға кететін шығындар).

Ауқымды есептеулер үшін мына кейіптемені пайдалануға болады

$$\begin{aligned} \text{Ш}_{\text{жалпы}} &= 0,25 * (\text{Ш}_a + \text{Ш}_{\text{са}} + \text{Ш}_{\text{отын}}) = 0,25 * (5391,75 + 447,12 + 808,76) = \\ &= 1329,52 \text{ млн. теңге.} \end{aligned}$$

3.10 Энергия жіберудің өзіндік құнын есептеу

ЖЭО-ның электр және жылу энергияны өндіруіне байланысты шығындарды осы құраушылар бойынша бөлу қажет. Бұл шығындарды бөліп тарату еселеуіштері бойынша жүргізіледі

$$K_6 = \frac{B_э}{B_{и}} = \frac{345000}{9930000} = 0,35$$

Ол электр энергиясын жіберуге отынның қанша мөлшері (бірлік үлеспен немесе %-бен) шығындалғанын көрсетеді, ал айырмасы (1-K₆) - жылу энергиясына кеткен отын шығынының үлесін көрсетеді. Есептеуді табиғи немесе шартты отында жүргізу керек.

Одан кейін жіберілетін энергия түріне байланысты алынған еселеуіштерге ұқсас әрбір құраушыға кеткен шығынды бөліп, нәтижелерді 2-кестеге енгізу қажет.

2 Кесте - Электр және жылу энергиясын өндіруге кететін шығындар құраушылары

Шығындар құраушылары	Ш, жалпы, млн.тенге	Шэ, эл. энергия	Шт,жылу,млн.т Г
Отын, Ш _{отын}	9027,27	3136,36	5890,91
Су, Ш _{су}	2100	729,61	1370,39
Еңбек ақы қоры Ш _{еа}	447,12	155,34	291,78
Амортизациялық аударымдар Ш _а	5391,8	1873,27	3518,48
Жөндеу, Ш _ж	808,76	280,99	527,77
Жалпы стансалық, Ш _{жа}	1329,53	461,92	867,61
Шығарындыларға төлемдер Ш _{шығ}	288,87	100,36	188,51
Барлық шығындар	19393,30	6737,86	12655,45

Электр энергиясын жіберудің өзіндік құны төмендегідей анықталады (2 кестенің үшінші бағанының алымы)

$$S_э = \frac{Ш_{отын} + Ш_с + Ш_{еа} + Ш_а + Ш_ж + Ш_{жс} + Ш_{шығ}}{Э_{жіб}} = 4,88 \text{тг/кВт} \cdot \text{сағ}$$

Жылу энергиясын жіберудің өзіндік құны төмендегідей анықталады (2 кестенің төртінші бағанының алымы)

$$S_{жс} = \frac{Ш_{отын} + Ш_c + Ш_{ea} + Ш_a + Ш_{жс} + Ш_{жс} + Ш_{шығ}}{Q_{жсб}} = 3933,54 \text{тг/Гкал}$$

3.11 ЖЭО салуды және пайдалануды экономикалық бағалау

ЖЭО салуды және оны пайдалануды экономикалық бағалау шешім қабылдаудың бастапқы сатыларында әдетте бизнес-жоспар құрудың негізінде жүргізіледі, егер ол жақсы қорытындыларды көрсетсе, инвестициялық жоба жасалынады. Бұл ақша бағасының уақыт бойынша өзгерісін және жобаны іске асырудағы барлық кешенді шығындарды есепке алатын техника-экономикалық шешімдер қабылдауды бағалаудың қазіргі әдісі: ол бағалар мен келешектегі болатын тарифтік саясат, өнімді өткізу көлемі, жобаны іске асырудан болатын кіріс пен пайданы, несиені қайтаруға кететін пайда бөлігін, кәсіпорын несиені алатын банктің пайыздық мөлшерлемесі, несиені қайтару мерзімі.

Ірі энергетикалық нысандарды салу мен оны пайдалануды қаржылық-экономикалық бағалаудың қиындығы инвестициялардың бірнеше кезеңдермен түсуіне және жобаны іске асыруда нәтижелердің пайда болу ұзақтығына байланысты. Мұндай операциялардың ұзақтығы инвестицияларды бағалаудың белгісіздігіне және қателесу қаупіне әкеледі. Сондықтан практикада инвестициялық жобаларды бағалаудың жобаның қателік деңгейі минимумға жеткізілген әдістері қолданылады. Бұл әдістер таза келтірілген құнын (NPV), жобаның өтелу мерзімін (PP) анықтау, пайданың ішкі нормаларының есептеу (IRR), инвестицияның рентабелділігін есептеу (PI), инвестицияның бухгалтерлік рентабелділігін есептеу (ROI) болып табылады. Әрине практикада әрқашан инвестициялық жобаларды бағалаудың барлық 5 әдісі бірдей қолданыла бермейді. Сондықтан берілген жұмыста бастапқы 3 әдісі ғана қолданылады.

Кіріспеде айтылғандай электр стансасы сияқты ірі нысандарды салу дамыған елдерде әдетте мемлекеттің үлкен қаржылық және құқықтық қолдауымен, оған стратегиялық нысандарды басқаруға мүмкіндік бере отырып жүргізіледі. Ал қаражаттың қалған бөлігі жеңілдетілген несиелерді пайдаланылатын, көбінесе, акционерлік қоғамдардың құрылуымен жүзеге асады.

Есептеулерде ЖЭО салу капиталының үлестік таратылуы (K) мынандай: 75% мемлекет салады және 25% "ENERGOSTAR" АҚ қамтамасыз етеді. Бұл қаражат тек стансаның салынуына ғана кетеді, бірақ стансаның жұмыс істеуінің бірінші жылында пайдалану шығындарына да қаражат қажет (2- кесте).

Сонымен " ENERGO STAR " АҚ банктен (10%) жеңілдетілген несиені алатын инвестиция көлемі (I₀) ЖЭО салуға толық капиталсалымдарының 25% -ын құрайды.

Инвестициялық жобаны бағалауды тек төрт көрсеткіш пайдаланатыны белгілі:

I₀ – бастапқы инвестициялар;

CF - несиені қайтаруға жіберілетін қаржы ағыны;
 r - банктің несие бойынша пайыздық мөлшерлемесі (10%);
 n - несиенің күнтізбелік жылы.

$$I_0 = 0,25 \cdot K = 0,25 \cdot 89862,5 = 22465,63 \text{ млн. теңге.}$$

Инвестициялық жобаларды жасағанда және талдағанда ең қиыны пайданы есептеу және несиені қайтаруға жіберілетін қаржы ағынын CF есептеу болып табылады.

Біздің ЖЭО-ның электр және жылу энергиясын жіберу тарифінің рентабелділігі 20% делік, демек

$$T_э = S_э * 1,25 = 4.88 * 1,25 = 5.86 \text{ теңге/кВтсағ,}$$

$$T_ж = S_ж * 1,25 = 3933.54 * 1,25 = 4720.25 \text{ теңге/Гкал.}$$

ЖЭО-ның электр және жылу энергиясын өткізуден түсетін кірісі мынаған тең:

$$K_{іріс} = T_э * Э_{жіб} + T_ж * Q_{жіб} = 5.86 * 1380000 + 4720.25 * 3217320000 =$$

$$= 23271,965 \text{ млн. теңге,}$$

ал қосынды шығындар мына түрде анықталады:

$$Ш = S_э * Э_{жіб} + S_ж * Q_{жіб} = 4.88 * 1380000 + 3933.54 * 3217320000 =$$

$$= 19393,304 \text{ млн. теңге.}$$

Олардың айырмасы пайданың мөлшерін береді:

$$П = K_{іріс} - Ш = 23271,965 - 19393,304 = 3878.66 \text{ млн. теңге.}$$

Мөлшері 20 % тең табыс салығын төлегеннен кейін таза пайда шығады,

$$ТП = П * (1 - 0,2) = 3878.66 * 0,8 = 3102.92 \text{ млн. теңге.}$$

бұл толығымен банкке несие қайтаруға кетеді, демек қаржылық ағынды CF-ті құрайды.

3.12 Таза келтірілген құнды NPV анықтау әдісі

Бұл инвестициялық жобаны жүзеге асыру нәтижесінде фирманың құны қаншаға көтеріле (немесе сол инвестициядан берілген мерзімде түсетін таза пайданы көрсетеді) алатындығын көрсететін инвестицияны анықтаудың әдісі және ол төмендегідей анықталады

$$NPV = \frac{CF_1}{(1+r)^1} + \frac{CF_2}{(1+r)^2} + \dots + \frac{CF_n}{(1+r)^n} - I_0 = \sum_1^n \frac{CF_n}{(1+r)^n} - I_0$$

I_0 – бастапқы қаржылық салымдар.

3 кесте -NPV есептеу

год	CF	R10	PV10
0	-22465,63	1,00	-22465,63
1	3102,93	0,91	2820,84
2	3102,93	0,83	2564,40
3	3102,93	0,75	2331,28
4	3102,93	0,68	2119,34
5	3102,93	0,62	1926,67
6	3102,93	0,56	1751,52
7	3102,93	0,51	1592,29
8	3102,93	0,47	1447,54
9	3102,93	0,42	1315,94
10	3102,93	0,39	1196,31
11	3102,93	0,35	1087,56
12	3102,93	0,32	988,69
13	3102,93	0,29	898,81
14	3102,93	0,26	817,10
NPV			392,68

$$R = \frac{1}{(1+r)^n}$$

NPV есептеу PV-дің бірінші оң мәніне дейін жүргізіледі. Егер есептеу берілген мерзімде жылдар бойынша тиімсіз болса, онда жобаның стратегиясын қайта қарау керек - CF-ті көбейту немесе r-і төмен банк табу керек.

Егер NPV фирмаға қажет уақытты қанағаттандырса, онда жобаның нәтижесінде фирманың құны өседі, яғни жоба тиімді, оны қабылдау қажет.

Бұл әдістің кеңінен қолданылуы бастапқы шарттардың әртүрлі комбинацияларға барлық жағдайларда экономикалық ұтымды шешімдерді

табуға мүмкіндік бере алатын тұрақтылығымен түсіндіріледі.

Пайданың ішкі нормаларын IRR есептеу әдісі

Пайданың ішкі нормасы инвестициялау мақсатына бағытталған қаржының өтелу деңгейін көрсетеді. Бұл r -дің қандай мәнінде $NPV=0$ болатын көрсетеді

$$\sum_1^n \frac{CF_n}{(1+r)^n} - I_0 = 0.$$

$NPV=0$ болған кездегі IRR – бұл жоба фирманың құнының өсуін қамтамасыз етпейді және оның төмендеуіне әкелмейді.

Бұл дисконттық еселеуіш ($R= 1: (1+r)^n$) инвестицияларды жарамды және пайдасыз деп бөледі. IRR-ді инвестициялауға капиталды қандай бағаға алғанын және оны пайдаланғанда қандай таза пайда деңгейін алғысы келетіні (барьерлік еселеуіш) ескере отырып фирма өзіне таңдайтын салымдардың өтелу деңгейімен салыстырады.

4 кесте – IRR есептеу

год	CF	R10	PV10	R15	PV15
0	-22465,63	1,00	-22465,63	1	-22465,63
1	3102,93	0,91	2820,84	0,87	2698,20
2	3102,93	0,83	2564,40	0,76	2346,26
3	3102,93	0,75	2331,28	0,66	2040,23
4	3102,93	0,68	2119,34	0,57	1774,11
5	3102,93	0,62	1926,67	0,50	1542,70
6	3102,93	0,56	1751,52	0,43	1341,48
7	3102,93	0,51	1592,29	0,38	1166,51
8	3102,93	0,47	1447,54	0,33	1014,35
9	3102,93	0,42	1315,94	0,28	882,05
10	3102,93	0,39	1196,31	0,25	767,00
11	3102,93	0,35	1087,56	0,21	666,95
12	3102,93	0,32	988,69	0,19	579,96
13	3102,93	0,29	898,81	0,16	504,31
14	3102,93	0,26	817,10	0,14	438,53
			392,68		-4702,99

3.13 IRR шамасы төмендегі кейіптемемен анықталады

$$IRR = r_1 + \frac{NPV_{r_1}}{NPV_{r_1} - NPV_{r_2}} \cdot (r_2 - r_1) = 10 + \frac{392,68}{392,68 + 4702,99} \cdot (15 - 10) = 10,38\%$$

IRR жоба бойынша тәуекел деңгейінің индикаторы болады - IRR қаншалықты фирмамен қабылданған барьерлік еселеуіштен көп болса, соншалықты жобаның беріктік қоры көп болады және соншалықты

болашақтағы қаржылық түсімдерді бағалау кезіндегі қателіктер қорқынышты болмайды.

3.14 Инвестицияның өтелу мерзімін PP есептеу

Бұл әдіс бастапқы инвестициялардың сомасын өтеуге қажет уақытты анықтауға негізделген. CF жылдар бойынша тең болғанда :

$$PP = \frac{I_0}{CF_n} = \frac{22465,63}{3102,93} = 7,2 \text{ жыл}$$

Өтелу мерзімі 7,2 жыл, яғни 7 жыл 3 ай.

Қорытынды: Экономикалық бөлімде сол жобаға қажетті техника-экономикалық есептеулер жүргіздім. Бұл есептеудің мақсаты жобаны іске асыру барысында қанша мөлшерде ақшалай қаражат қажет екендігі және ол қаражатты қайдан, сонымен қатар ол қаражаттың қанша уақытта ақталатындығы, яғни алған қарыз несие қаражаттың төлену уақытын есептедім. Бастапқы қаржылық салым $I_0=22465,63$ млн. тг, таза келтірілген құн $NPV=392.68$ млн. тг, пайданың ішкі нормасы $IRR=10,38\%$, инвестицияның өтелу мерзімі $PP=7$ жыл 3 ай екендігі анықталды.

Қорытынды

Менің жасап отырған жұмысымның тақырыбы **Жоғары күлділікті Екібастұз көмірмен жұмыс атқаратын ЖЭО.**

Елімізде тұрғын саны жылдан жылға артуда, сондықтан да сол тұрғындардың қайрат козіне, әсіресе жылуға сұранысы артып жатыр. Осы дипломдық жобада маған Қарағанды қаласын алуда қолайлы болды. Сонымен күлділігі жоғары көмірді жағуда өте тиімді болды, себебі айтарлықтай үлкен пайдасын берді. БКЗ - 420 – 140 қазаны күлділігі жоғары 60% болатын көмірді жағуға бейімделген. Менің салуға ұсынылып отырған ЖЭО-да ПТ-80/100-130/13 және Т-110/120-130 турбиналары орнатылған, енді 330 мың тұрғынды жылумен қамдау көзделген. Осы бітіру жұмыстағы шешілген мәселелерді жүзеге асырған жағдайда, жылумен қамтамасыздандырудың сенімділігін жоғарылату арқылы, жылулық желі жүйелерінің жұмысының сенімді және тиімді болуына мүмкіндік туады, халық саны артып келе жатқан Қарағанды қаласының тұрғындарын жылу көзімен және электр энергиясымен толыққанды қамтамасыз етеді.

Осы дипломдық жобаны мен үш бөлімге бөліп қарастырдым, олар:

- I. Негізгі бөлім
- II. Өмір тіршілігі қауіпсіздігі
- III. Экономикалық бөлім

Әр бөлімге қысқаша тоқталып кететін болсам, негізгі бөлімде ЖЭО – ын салудың техника экономикалық негіздемесі көрсетілген, есептеулер жүргізілген және сұлбалар салынған. Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бөлімінде мынадай негізгі екі мәселе қарастырылды, олар:

a) ЖЭО-ғы шуды есептеу

b) Ауаның шаңын анықтау және қорғану

құралдарын таңдау

Ең соңғы экономика бөлімінде барлық жасалып отырған жұмыстар негізге алына отырып бизнес жоспар құрылған, инвестицияның өтелу мерзімі анықталған. Сонымен қатар сол жобаға қажетті техника-

экономикалық есептеулер жүргіздім. Бұл есептеудің мақсаты жобаны іске

асыру барысында қанша мөлшерде ақшалай қаражат қажет екендігі және ол қаражатты қайдан алынатыны, ол қаражаттың қанша уақытта ақталатындығы, яғни алған қарыз несие қаражаттың төлену уақыты есептелген.

Осы өмір тіршілігі қауіпсіздігі ескерілген, бизнес жоспары құрылған және техника экономикалық негіздемесі келтірілген ЖЭО – ын салатын болсақ елімізді толыққанды жылумен, электр энергиясымен қамдап, сол жылу мен электр энергиясын арзан бағамен және өте сапалы түрде жеткізе аламыз.

Қорытындылай келгенде салынуға ұсынылып отырған БКЗ- 420 – 140 қазанында күлділігі 60% болатын екібастұз көмірін жағуда жан жақты тиімді, әрі қолайлы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алияров Б.К. Алиярова М.Б. Сжигание казахстанских углей на ТЭС и на крупных котельных: опыт и перспективы: - Алматы, 2011 – 306с.
2. Рыжкин В.Я. Тепловые электрические станции. М., Энергоатомиздат, 1987 г. (Оқулық).
3. Бақытжанов И.Б., Байбекова В.О. Жылу электр станциялар. Дипломдық жобалау. 5В071700 – Жылу энергетика мамандығының студенттеріне арналған әдістемелік нұсқаулар. АЭЖБУ. Алматы, 2014.
4. Ривкин С.Л., Александров А.А. Теплофизические свойства воды и водяного пара. Справочник. М. Энергоатомиздат. 1984г. (Анықтамалық).
5. Нормы технологического проектирования тепловых электрических станций., М. 1981 г. (ЖЭС-ды жобалау ереже).
6. Соколов Е.Я. Теплофикация и тепловые сети. М.2001.
7. Правила технической эксплуатации электрических станций и сетей. М. Энергоатомиздат. 1989г. (Жабдықтарды пайдалану ережесі).
8. Липов Ю.М. и др. Компоновка и тепловой расчет парового котла. М. Энергоатомиздат. 1988г. (Оқулық).
9. Смирнов А.Д., Антипов К.М. Справочная книжка энергетика. М. Энергоатомиздат, 1984 г. (Анықтамалық).
10. Справочная книга по технике безопасности в энергетике. Т.1, 2. М.1978г.
11. Барабаш В.И. вопросы охраны труда в дипломных проектах: учеб.пособие для вузов, 1985г.
12. Аманжолов Ж. Охрана труда и техника безопасности: учеб.пособие, 2007г.
13. Сергеев И.В. Экономика предприятия. М.2000. (Оқулық).
14. Парамонов С.Г. экономика отрасли, методические указания к выполнению курсовой работы. 2013г.
15. Алияров Б.К. Дорошин Г.А. Вихревой факел экибастузского угля. – Алма – ата: Наука, 1998 – 200с.